ӘОЖ 336.1;61;13

**А.Б. Зейнелғабдин**
**экономика ғылымдарының докторы, профессор**

# Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік аудитін ұйымдастыру негіздері және оны жүргізу



**Бұл мақалада автор мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік аудитін жүргізу процесін кеңінен қарау мәселесін көтеріп отыр. Бұл ретте мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен бюджеттік бағдарламаларын іске асыру тиімділігі критерийлерін әзірлеген кезде тиімділік аудиті процесін түсінудің аса терең тәсілдерін қарау ұсынылады.**
**Түйінді сөздер: тиімділік аудиті, нысаналы индикаторлар, тиімділікті бағалау, тиімділік критерийлері.**

ЗЕРТТЕУ

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тиімділік аудитінің жекелеген бағыттары қарастырылған. Бұл ретте аталмыш бағыттардың бірі мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудиті болып табылады. Мемлекеттік аудитті әдіснамалық қамтамасыз етуді және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінде тиімділікті бақылаудың практикалық тәжірибесін есепке ала отырып, біз мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік аудитін жүргізу қазіргі жағдайда өзекті мәселелердің біріне айналып отыр деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік аудиті мынадай бағыттар бойынша жүргізілуі мүмкін:

- бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау;
- бюджеттік бағдарламаларды және стратегиялық жоспарды іске асырудың тиімділігін бағалау;
- бюджеттік бағдарламаларды, стратегиялық жоспарды, сондай-ақ мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау;
- бюджетті жоспарлау мен атқарудың тиімділігін бағалау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асыру.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес республикада стратегиялық жоспарлар жасамайтын, ал тек кезекті қаржы жылына арналған меморандумдар ғана әзірлейтін мемлекеттік органдар жұмыс істейді. Олар қол жеткізуді мемлекеттік органның бірінші басшысы жоспарлы кезеңде қамтамасыз етуге міндеттенетін түйінді индикаторларды қамтиды. Бұл индикаторлар мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларын қалыптастыру кезінде пайдаланылуы тиіс. Сәйкесінше, осы органдардың қызметін бағалау бюджеттік бағдарламаларды атқарудың және мемлекеттік органның немесе мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ жарғылық капиталына мемлекет қатысатын, мемлекеттік органға есеп беретін акционерлік қоғамдардың басқаруында болатын мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігіне аудит жүргізу негізінде жүзеге асырылады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін мемлекеттік органдар өз қызметінің стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен нысаналы индикаторларын айқындауы керек. Сондықтан осы органдардың қызметін бағалаған кезде бюджеттік бағдарламалардың және стратегиялық жоспардың мақсаттары мен мін-

деттерінің өзара үйлесімділік мәселелерін жүйелі түрде зерделеген жөн. Сәйкесінше, осы органдар қызметінің тиімділік аудитін жүргізу тәсілін жоспардың мақсатын, нысаналы индикаторларын бағалау критерийлерін айқындау, сондай-ақ олардың бюджеттік бағдарламаларының, үкіметтік және мемлекеттік бағдарламалардың критерийлерімен үйлесімі негізінде әзірлеу қажет.

Жекелеген мемлекеттік органдар мемлекеттік бағдарламалардың жекелеген бағыттарын іске асыруға қатысады, ал басқалары мемлекеттік бағдарламаның үйлестірушісі болып табылады және жалпы оның мақсаты мен міндеттерін орындауға жауапты болады. Мұндай жағдайда мемлекеттік органдардың қызметін бағалаудың түрлі критерийлері әзірленуі тиіс.

Критерийлер келесі құжаттарды зерделеу негізінде айқындалады: заңнамалық, нормативтік және құқықтық актілер; бағдарламалық құжаттар, мемлекеттік, үкіметтік және өңірлік бағдарламалар; мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, меморандумдар және бюджеттік бағдарламалар; ұқсас аудит жүргізу кезінде өзге ЖҚБО пайдаланатын критерийлер; стандарттар және басқа да әдістемелік материалдар, аудит пәндері бойынша әдебиеттер.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша критерийлерді айқындаудың негізгі тәсілдері:

- бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру, жоспарлау және іске асыру рәсімдерін талдау;

- бюджеттік бағдарламалардың уақтылылық, сапа тиімділігі мен нәтижелілік критерийлерін айқындау;

- бюджеттік бағдарламалардың түрлері бойынша критерийлерді белгілеу.

Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау бағдарламаларды іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігін айқындаудың қорытынды кезеңі болып табылады. Сондықтан бағалау барысында бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру, жоспарлау және іске асыру критерийлері мен көрсеткіштерін талдап шығу қажет. Оның негізінде бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін, нәтижелілігін көрсететін критерийлер мен көрсеткіштер әзірленеді.

Ағымдағы және бюджеттік даму бағдарламалары нәтижелерінің бағытын есепке ала отырып, олардың тиімділігін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері жеке қаралуы керек. Ағымдағы және бюджеттік даму бағдарламаларының мақсаттарында, міндеттерінде, ықтимал нәтижелерінде, іске асыру тетіктерінде тиімділікті бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін айқындау кезінде ескерілуге тиісті белгілі бір ерекшеліктер бар.

Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау шығыстардың тиімділік, уақтылылық, сапа, нәтижелілік критерийлері арқылы іске асырылатын бағдарламалардың ақырғы мақсатына қол жеткізу дәрежесін айқындау үшін жүзеге асырылады.

Критерийлер сандық және сапалық жұмыс көрсеткіштерін білдіреді, олардың негізінде бюджеттік бағдарламаны іске асыру, қызмет түрлерін, экономикалық операцияларды жүзеге асыру немесе тексеру объектілерінің функцияларды орындау тиімділігіне, уақтылылығына, яғни қол жеткізілген нәтижелердің дәрежесіне салыстырмалы талдау мен бағалау жүргізіледі.

Мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету бойынша бюджеттік бағдарламаны бағалаудың негізгі критерийлері мыналар болып табылады: шығыс көлемін жоспарлау кезінде пайдаланылатын шығыс нормалары мен нормативтері және олардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мәндерге сәйкестігі; бюджеттік бағдарламаларда көрсетілген сандық параметрлер мен көрсеткіштер және олардың сапалық сипаттамалары, мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі; сондай-ақ олардың нақты параметрлер мен

*«Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау бағдарламаларды іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігін айқындаудың қорытынды кезеңі болып табылады. Сондықтан бағалау барысында бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру, жоспарлау және іске асыру критерийлері мен көрсеткіштерін талдап шығу қажет. Оның негізінде бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін, нәтижелілігін көрсететін критерийлер мен көрсеткіштер әзірленеді.»*

көрсеткіштерден ауытқуы; бюджеттік бағдарламаны іске асырудың нақты көрсеткіштерін өткен жылдардың нәтижелерімен салыстыру және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың нормаларын сақтау; ішкі бақылау органдары мен қызметтері жүргізген бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын тексеру нәтижелері.

Мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру бойынша бюджеттік бағдарламаны атқарудың тиімділігін бағалау үшін бюджеттік бағдарламаны тұжырымдау қажеттілігі туралы негіздемені, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаны іске асыруға негіз болатын республиканың нормативтік құқықтық актілерін зерделеу қажет.

Бұл ретте бағалау критерийлерін бюджеттік бағдарламаға енгізілген әрбір кіші бағдарлама бойынша айқындаған жөн. «Ақпараттық жүйені құру және дамыту» кіші бағдарламасының тиімділігін бағалау критерийі мыналар болуы мүмкін: ақпараттық жүйені құру мен дамыту тұжырымдамасының және жүйе бойынша техниклық тапсырманың болуы және техникалық тапсырмада көрсетілген ақпараттық жүйелерді әзірлеу мен енгізудің негізгі кезеңдері (кезектері); жүйенің жекелеген компоненттерін немесе жалпы жүйені әзірлеу кезінде пайдаланылған нормалар мен нормативтер және жүйенің жекелеген кезеңдерін және жалпы жүйені әзірлеу мен енгізуге арналған шығыстарды жоспарлау негіздемесі; жүйені әзірлеу мен енгізудің әрбір кезеңі бойынша техникалық тапсырмада көрсетілген ықтимал нәтижелер мен көрсеткіштер; тәжірибелі пайдалану бағдарламасы және жүйені тәжірибелі пайдалану нәтижесінде алынған параметрлер мен көрсеткіштер; жүйені пайдалануға беру туралы акті мен хаттамада көрсетілген параметрлер, нәтижелер және жүйенің бірнеше жылғы жұмыс істеу нәтижелерін салыстыру; бірнеше жылғы бюджеттік бағдарламаның жалпы сомасына жүйені әзірлеуге арналған нақты шығыстардың ара салмағы және ақпараттық жүйені құруға арналған шығындардың жалпы көлемінде олардың үлес салмағы; компьютерлерді, желілік және қосалқы жабдықтарды сатып алуға арналған бірнеше жылғы нақты шығыстар және сатып алынған техниканың техникалық тапсырманың талаптарына және техно-жұмыс жобасында көрсетілген ережелерге сәйкестігі; сыртқы бақылау нәтижесінде белгіленген жүйенің жекелеген элементтерінің, сондай-ақ жалпы жүйенің нақты жұмыс істеу нәтижелері, олардың техникалық тапсырманың және жүйенің техно-жұмыс жобасының көрсеткіштерінен ауытқуы; іске асыруға ұсынылатын ақпараттық жүйелердің «Электрондық үкімет» құру бойынша жалпы талаптарға сәйкестігі туралы уәкілетті мемлекеттік органның оң қорытындысының болуы.

Бюджеттік даму бағдарламаларының мақсаты мен міндеттерін талдау олардың мынадай бағыттарын атап көрсетуге мүмкіндік береді:

объектілерді тұрғызу және қайта құру бойынша инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар;

облыстық бюджеттерге және Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлінген нысаналы трансферттер.

Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 151, 155 және 157-баптарының нормаларына сәйкес жүргізілуі керек.

Қаржы активтерін сатып алу бойынша бюджеттік бағдарламалар тиімділігінің негізгі критерийлері мыналар болып табылады: акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру мен көбейту параметрлері және акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталындағы республикалық бюджет қаражатының үлесі; акционерлік қоғамның мемлекетпен қатынасын реттейтін нормативтік құқықтық актілер және қаржы құралда-

> *Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік аудиті үшін әрбір бюджеттік бағдарламаны атқарудың, сондай-ақ стратегиялық жоспардың мақсаты мен нысаналы индикаторларына қол жеткізудің тиімділігін бағалау керек. Бюджет қаражатын басқару, стратегиялық жоспарды іске асыру тиімділігінің біріктірілген көрсеткіші бойынша мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау қажет.*

ЗЕРТТЕУ

бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұйымдардың еркін ақшаларын орналастыру талаптары мен нормаларын сақтау;

акционерлік қоғамның бюджеттік бағдарламада көрсетілген параметрлерді және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың қызметіне мониторинг жүргізу үшін уәкілетті органдар пайдаланатын көрсеткіштерді орындауы; жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың іс жүзінде жұмыс істеу нәтижелері және олардың акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерді уақтылы және толық есептеуі және республикалық бюджет кірісіне аударуы.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік аудиті үшін әрбір бюджеттік бағдарламаны атқарудың, сондай-ақ стратегиялық жоспардың мақсаты мен нысаналы индикаторларына қол жеткізудің тиімділігін бағалау керек. Бюджет қаражатын басқару, стратегиялық жоспарды іске асыру тиімділігінің біріктірілген көрсеткіші бойынша мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау қажет.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тек бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылмайды, сонымен бірге олар мемлекеттің бюджет, салық, борышкерлік саясатына және оларды республикада іске асыруға жауапты болады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі мемлекеттік жоспарлау жүйесін құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, осы мемлекеттік органның қызметін бағалау үшін республиканың жоспарлау жүйесінің, салық-бюджет саясатының жұмыс істеу тиімділігін бағалауды көздеуге тиісті кешенді тәсіл қажет, ал сонан соң оны бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ретінде қарауға болады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджетті дәйекті жоспарлау мен атқаруды, бюджетке түсетін қаражаттың толықтығы мен уақтылылығын, республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыруды, республикада борышкерлік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді. Сондықтан осы органның қызметін бірнеше бағыттар бойынша аудит жүргізу негізінде бағалаған жөн: бюджетке түсетін түсімдердің сәйкестігіне, толықтығына және уақтылылығына жүргізілетін аудит; республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті; республикалық бюджетті жоспарлау мен атқарудың, салықтық және кедендік әкімшілік етудің, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты қалыптастыру мен басқарудың тиімділік аудиті; бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ретінде бюджет қаражатын басқарудың тиімділік аудиті.

Осылайша, мемлекеттік аудитке кезең-кезеңімен көшу «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген барлық аудит бағыттарын жүйелі зерделеуді және оның негізінде мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудитін ретпен жүргізуді талап етеді.




**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ:**

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
2. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңы;
3. А.Б. Зейнелғабдин. Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін дамыту және аудитке көшу, «Мемлекеттік аудит - Государственный аудит» журналы, 2016ж. мамыр.

УДК 336.1;61;13

**Зейнельгабдин А.Б.**
**доктор экономических наук, профессор**

# Основы организации и проведения аудита эффективности деятельности государственных органов

**В данной статье автором поднимается вопрос широкого рассмотрения процесса проведения аудита эффективности деятельности государственных органов. При этом предлагается рассмотрение более глубоких подходов к пониманию процесса аудита эффективности при разработке критериев эффективности реализации государственными органами стратегических планов и бюджетных программ, в целях достижения целевых показателей документов системы государственного планирования.**

**Ключевые слова: аудит эффективности, целевые индикаторы, оценка эффективности, критерии эффективности.**

ЗЕРТТЕУ

В Законе Республике Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» предусмотрены отдельные направления аудита эффективности. При этом одним из основных его направлений является аудит эффективности деятельности объектов государственного аудита. С учетом задачи методологического обеспечения государственного аудита и практического опыта проведения контроля эффективности в Счетном комитете по контролю за исполнением республиканского бюджета, на наш взгляд, вопросы проведения аудита эффективности деятельности государственных органов становятся актуальными в современных условиях.

В Республике Казахстан аудит эффективности деятельности государственных органов можно провести по следующим направлениям:

- аудит эффективности деятельности государственных органов на основе оценки эффективности реализации бюджетных программ;
- аудит эффективности деятельности государственных органов на основе оценки эффективности реализации бюджетных программ и стратегического плана;
- аудит эффективности деятельности государственных органов на основе оценки эффективности реализации бюджетных программ, стратегического плана и реализации государственных и правительственных программ;
- аудит эффективности деятельности государственных органов на основе оценки эффективности планирования и исполнения бюджетов, реализации документов Системы государственного планирования Республики Казахстан.

В соответствии со ст.62 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан в республике функционируют государственные органы, которые не составляют стратегические планы, а разрабатывают меморандумы на очередной финансовый год. Они содержат ключевые индикаторы, достижение которых первый руководитель государственного органа обязуется обеспечить в плановом порядке. Эти индикаторы должны быть использованы при формировании бюджетных программ государственных органов. Следовательно, оценка деятельности этих органов в основном осуществляется на основе проведения эффективности исполнения бюджетных программ и использования активов государства, находящихся в управлении государственного органа или государственных предприятий, акционерных обществ с участием государства, подотчетных государственному органу.

Государственные органы, которые составляют стратегические планы, должны определять стратегические направления, цели и целевые индикато-

ры их деятельности. Поэтому при оценке деятельности этих органов следует системно изучить вопросы взаимоувязки бюджетных программ с целями и задачами стратегического плана. Следовательно, подход к проведению аудита эффективности деятельности этих государственных органов следует разработать на основе определения критериев оценки цели, целевых индикаторов плана, а также их увязки с критериями бюджетных программ, правительственных и государственных программ.

Отдельные государственные органы принимают участие в реализации отдельных направлений государственных программ, а другие являются координаторами и ответственными в целом за выполнение целей и задач государственной программы. В этих условиях должны быть разработаны различные критерии оценки деятельности государственных органов.

Критерии определяются на основе изучения следующих документов: законодательных, нормативных и правовых актов; программных документов, государственных, правительственных и региональных программ; стратегических планов государственных органов, меморандумов и бюджетных программ; критериев, используемых другими ВОФК при аналогичных аудитах; стандартов и других методических материалов, литературы по предметам аудита.

Основные подходы к определению критериев по бюджетным программам:

- анализ процедуры формирования, планирования и реализации бюджетных программ;

- определение критериев своевременности, эффективности качества и результативности бюджетных программ;

- установление критериев по видам бюджетных программ.

Оценка эффективности бюджетных программ является завершающей стадией определения эффективности и результативности реализации программ. Поэтому в процессе проведения оценки необходимо проанализировать все критерии и показатели формирования, планирования и реализации бюджетных программ. На основе этого, разрабатываются критерии, показатели, отражающие эффективность, результативность реализации бюджетных программ.

*«Оценка эффективности бюджетных программ является завершающей стадией определения эффективности и результативности реализации программ. Поэтому в процессе проведения оценки необходимо проанализировать все критерии и показатели формирования, планирования и реализации бюджетных программ. На основе этого, разрабатываются критерии, показатели, отражающие эффективность, результативность реализации бюджетных программ.»*

С учетом направленности результатов текущих бюджетных программ и бюджетных программ развития критерии и показатели оценки их эффективности должны быть рассмотрены в отдельности. В целях, задачах, ожидаемых результатах, механизмах реализации текущих и бюджетных программ развития имеются определенные особенности, которые должны быть учтены при определении критериев и показателей оценки их эффективности.

Оценка эффективности бюджетных программ проводится для определения степени достижения конечной цели реализуемых программ с применением критериев эффективности, своевременности, качества, результативности расходов.

Критерии представляют собой количественные и качественные показатели работы, на основе которых осуществляются сравнительный анализ и оценка эффективности, своевременности реализации бюджетной программы, осуществления видов деятельности, экономических операций или выполнения функций объектами проверки, то есть степени достигнутых результатов.

Основными критериями оценки бюджетной программы обеспечения деятельности государственных органов являются: нормы и нормативы расходов, использованные при планировании объемов расходов, и их соответствие утвержденным значениям Правительства Республики Казахстан; количественные параметры и показатели, указанные в бюджетных программах и их качественные характеристики, соответствие целям и задачам; а

также их отклонения от фактических параметров и показателей; сопоставление фактических показателей реализации бюджетной программы с результатами предыдущих годов и соблюдение норм законодательства о государственных закупках; результаты проверки реализации бюджетных программ, проведенных органами и службами внутреннего контроля.

Для оценки эффективности исполнения бюджетной программы по совершенствованию деятельности государственных органов, в первую очередь, необходимо изучить обоснования о необходимости формулирования бюджетной программы, а также нормативные правовые акты республики, которые являются основой для реализации бюджетной программы.

При этом критерии для оценки целесообразно определить по каждой подпрограмме, включенной в бюджетную программу. Например: критерием оценки эффективности подпрограммы «создание и развитие информационной системы» могут являться: наличие концепции создания и развития информационной системы и технического задания по системе и основные этапы (очереди) разработки и внедрения информационных систем, указанные в техническом задании; нормы и нормативы, использованные при разработке отдельных компонентов системы или в целом системы и обоснование планирования расходов на разработку и внедрение отдельных этапов системы и системы в целом; ожидаемые результаты и показатели, указанные в техническом задании по каждому этапу разработки и внедрение системы; программа проведения опытной эксплуатации и параметры и показатели, полученные по результатам опытной эксплуатации системы; параметры, результаты, указанные в акте и протоколе о сдаче системы в эксплуатацию и сопоставление результатов функционирования системы за ряд лет; соотношение фактических расходов на разработку системы на общую сумму бюджетной программы за ряд лет и их удельный вес в общем объеме затрат на создание информационной системы; фактические расходы на приобретение компьютеров, сетевого и вспомогательного оборудования за ряд лет и соответствие приобретённой техники требованиям технического задания и положениям, указанным в техно-рабочем проекте; фактические результаты функционирования отдельных элементов системы, а также системы в целом, установленные по результатам внешнего контроля, отклонение их от показателей технического задания и техно-рабочего проекта системы; наличие положительного заключения уполномоченного государственного органа о соответствии прилагаемых к реализации информационных систем общим требованиям по созданию «Электронного Правительства».

Анализ, цели и задачи бюджетных программ развития позволяет выделить следующие их направления:

- бюджетные программы, направленные на реализацию инвестиционных проектов (программ) по строительству и реконструкции объектов;
- целевые трансферты, выделенные областным бюджетам и бюджетам городов Астаны и Алматы.

Оценка эффективности бюджетных инвестиций целесообразно проводить в соответствии нормами статей 151, 155 и 157 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан.

Основными критериями эффективности бюджетных программ по приобретению финансовых активов являются: параметры формирования и увеличения уставных капиталов акционерных обществ и доля средств республиканского бюджета в уставном капитале акционерных обществ; нормативные правовые акты, регулирующие отношение акционерного общества с государством и соблюдение требований и норм размещения свободных денег организаций, финансовые инструменты, кон-

> *«Для аудита эффективности деятельности государственных органов целесообразно, в первую очередь, необходимо оценить эффективность исполнения каждой бюджетной программы, а также достижения цели и целевых индикаторов стратегического плана. На основе интегрированного показателя эффективности управления бюджетными средствами, реализации стратегического плана оценить эффективность деятельности государственного органа.»*

ЗЕРТТЕУ

трольные пакеты акций (долей) которых принадлежит государству; выполнение акционерным обществом параметров, указанных в бюджетной программе и показателей, используемых уполномоченными органами для осуществления мониторинга за деятельностью акционерных обществ с участием государства; фактические результаты от функционирования акционерных обществ с участием государства и своевременное и полное начисление и перечисление ими в доход республиканского бюджета дивидендов на государственный пакет акций.

Для аудита эффективности деятельности государственных органов целесообразно, в первую очередь, оценить эффективность исполнения каждой бюджетной программы, а также достижения цели и целевых индикаторов стратегического плана. На основе интегрированного показателя эффективности управления бюджетными средствами, реализации стратегического плана оценить эффективность деятельности государственного органа.

Министерство национальной экономики Республики Казахстан и Министерство финансов Республики Казахстан не только администраторы бюджетных программ, но и отвечают за бюджетную, налоговую, долговую политику государства, а также за их реализацию в республике. При этом Министерство национальной экономики Республики Казахстан создает систему государственного планирования и обеспечивает ее функционирование. Следовательно, для оценки деятельности этого государственного органа необходим комплексный подход, который должен предусмотреть оценку эффективности функционирования системы планирования, налогово-бюджетной политики в республике, а затем только рассматривать его как администратора бюджетных программ.



Министерство финансов Республики Казахстан обеспечивает обоснованное планирование и исполнение бюджета, полное и своевременное поступление средств в бюджет, формирование консолидированной финансовой отчетности исполнения республиканского бюджета, реализацию долговой политики в республике. Поэтому оценку деятельности этого органа целесообразно осуществлять на основе проведения аудита по нескольким направлениям: аудит соответствия полноты и своевременности поступлений в бюджет; аудит консолидированной финансовой отчетности республиканского бюджета; аудит эффективности планирования и исполнения республиканского бюджета, налогового и таможенного администрирования, формирования и управления государственным и гарантированным государственным долгом; аудит эффективности управления бюджетными средствами как администратора бюджетных программ.

Таким образом, поэтапный переход к государственному аудиту требует системного изучения всех направлений аудита, указанных в Законе Республике Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» и на основе этого последовательно проводить аудит эффективности деятельности объектов государственного аудита.


## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1.Бюджетный Кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года;

2. Закон Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» от 12 ноября 2015 года;

3. Зейнельгабдин А.Б. Развитие системы государственного финансового контроля и переход к аудиту, Журнал «Мемлекеттік аудит -Государственный аудит», май 2016 год.